

Түйінді сөздер: ауылшаруашылық өндіріс, бюджет, несие, инвестициялар, банктер, мемлекеттік бақылау, қаржыландыру, бюджеттік қолдау, басты қорлар, тиімділік, шығындар.

Key words: agricultural production, budget, economy, credit, investments, banks, State control, financing, budgetary support, fixed assets, profitability, costs.

Ауыл шаруашылығы саласының табиғи және экономикалық жағдайларға тәуелділігі, яғни табиғи-климаттық жағдайлардың ықпалы, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру уақыты мен жұмыс уақытының сәйкес келмеуін көрсететін өндірістің маусымдылығы, қарыз қаражаттарына тәуелділік, айналым қаражаттарын біркелкі қолданбау, табыс алу мәселелері ауылшаруашылық кешенін қаржылық реттеу мен қаржылық қамсыздандырудың ерекше тәсілін талап етеді.

Мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі – ауыл шаруашылығы саласын, оның ішінде азық-түлік нарығын қолдау болып табылады. Елде отандық экономиканы сауықтыру мен оның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдануда. АӨК-нің негізгі мақсаты – тұрғындарды азық-түлікпен, өнеркәсіпті ауылшаруашылық шикізатымен

қамтамасыз ету және елдің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау.

2013 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықта жалпы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру 38,6 пайызға артқан, оның ішінде мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы өнімдері бойынша да өсім байқалады (1-кесте).

Кесте 1 – Жалпы ауыл шаруашылық өнімдерін (қызметтерді) өндіру, млн теңге

Атауы	2013	2014	2015
Жалпы ауыл шаруашылық өнімдерін (қызметтерін) өндіру	2 386103,5	2527890,3	3 307 009,6
оның ішінде:			
жалпы өсімдік шаруашылығы өнімдері	1 313 003,5	1 327 855,2	1 825 236,7
жалпы мал шаруашылығы өнімдері	1 064 338,1	1 189 555,4	1 469 923,1
Ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер	8 761,9	10 479,7	11 849,8

Ескерту: [6] әдебиет көзі негізінде құрастырылған

Қазақстанның азық-түлік индустриясын дамытуға, мал шаруашылығын дамытуға, мал азығын өндіруге, ауыл шаруашылық өндірушілерін шикізатпен қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылық өнімдерін әзірлеу мен қабылдауды ұйымдастыруға, тұтыну нарығын мүмкіндігінше тауарлар, қызметтермен қамтамасыз ететін басқа да салаларды дамытуға мүмкіндігі мол. Осыған байланысты аталған салаларға инвестиция салудың тартымдылығы жоғары. Елдің табиғи жағдайда жоғары сапалы биологиялық және экологиялық таза аграрлық өнімдерді өсіруге, өндіруге мүмкіндігі зор. Экономиканың жеке секторынан, мемлекеттен қомақты қаржылық ресурстарды қажет ететін, басқа да болашағы бар көптеген жобалар бар.

Саланың қарқынды дамуы мемлекеттің қаржылық қолдау көрсетуінің тиімділігіне тікелей байланысты. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәліметтері бойынша, 2015 жылы аграрлық саланы дамытуға республикалық бюджеттен 172,0 млрд. теңге, 2014 жылы 161,0 млрд. теңге берілген, бұл жалпы республикалық бюджет шығыстарының 2,5% құраған. Салаға 2011 жылы 229 млрд. теңге қаражат бөлінсе, 2015 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 57 млрд. теңге немесе 133,1% артық қаражат бөлінген.


Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан отандық экономиканы дамыту, қаржылық жүйе мен экономиканы тұрақтандыру бойынша іс-шараларды іске асыру мақсатында 607,5 млрд. теңге қаражат бөлінген. Ұлттық қордан бөлінген қаражат негізінен қаржы секторын қолдауға; тұрғын үй секторын дамытуға; шағын және орта бизнесті демеуге; агроөнеркәсіп кешенін дамытуға; инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Қазақстан экономикасын тұрақтандыру міндетін іске асыру, өңірлік шаруашылық деңгейіне ауыстырылып, өңірлердің шаруашылық қызметін кеңейтуді, республикалық және жергілікті бюджет арасындағы қарым-қатынас мәселелерін жаңаша ұйымдастыруды, мемлекеттік қаржыландыру мен оны іске асыру нормаларын, дұрыс бағалау жүйесін жүзеге асыруды талап етеді. Сол себепті, өңірлік бағдарламаларды қаржыландырудың көздерін жергілікті билік органдарының құзіретіне берудің тиімді тетігін әзірлеу бюджетті реформалаудың қиындығына айналып отыр.

2013-2015 жж. аралығында жергілікті бюджеттердің ауыл шаруашылығын дамытуға бөлген шығыстары 88,4 млрд. теңгеге не 157,7% өскен. Бұл ретте аталмыш салаға бағытталған бюджеттік қаражаттың басым бөлігі, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Ақмола облыстарының үлесіне тиесілі (сурет).

Бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру тетіктерін кешенді қарастырған кезде, жоспарлы жылдағы жекеленген бағдарламаларды бюджеттік жоспарлау кезеңінде, бағдарламалар толыққанды зерттелмейді. Нәтижесінде бюджеттік қаражатты тиімді қолданбаған және игермеген бюджеттік бағдарламалардың саны артады. Өңірлерде инвестициялық жобалар және инвестициялық бағдарламалар бойынша бюджеттік қаражаттың ысыраптылығы орын алуда.

Несиелік ресурстар АӨК-нің кәсіпорындарын қаржыландыру көздерінің бірі болып табылады. Бюджеттік несиелендіру 2015 жылы 4 республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі арқылы 8 бюджеттік бағдарлама іске асырылды.



Ескерту: [6 дерек көзінен қараңыз]

Сурет – Жергілікті бюджеттерден ауыл шаруашылығына бөлінген шығындар, млн теңге

Оның ішінде жалпы соманың 31,5 пайызы еліміздің ауыл шаруашылығы министрлігінің әкімшісінің үлесіне тиесілі (агро-өнеркәсіп кешені субъектілерін қолдауға арналған іс-шараларды жүргізуге бағытталған).

АӨК субъектілерін қолдауға арналған іс-шараларды жүргізуге бағытталған, республикалық бюджеттің орындалуын бақылайтын Есеп комитетінің бағалауы бойынша 2015 жылы салаға 60 млрд. теңге (2014 жылы 40 млрд. теңге) бөлінген. Сонымен бірге тікелей жоспарлауда және соңғы нәтижелердің сандық көрсеткіштерін өзгертіп көрсету жағдайлары анықталған. 2015 жылы 2249 ауыл ша-

руашылығының өндірушілері несиелендірілсе, бұл көрсеткіш жоспардан 2,5 есе артық.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметтеріне сүйенсек, екінші деңгейлі банктердің 2012-2015 жж. аралығындағы экономика салаларын банктік несиелеуі 2015 жылы 12674,2 млрд. теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 127,3% немесе 2716,2 млрд. теңгеге өскен. Несиелеудің жалпы сомасындағы үлестің басым бөлігі сауда (20,1%), өнеркәсіп (12,0%) салаларына тиесілі болса, ал ауыл шаруашылығының үлесі 4,0% құраған (2-кесте).

Кесте 2 – ҚР-ның экономика салалары бойынша екінші деңгейлі банктердің кредиттері (2012-2015 жж.,%)

Көрсеткіш	2012ж.	2013ж.	2014ж.	2015ж.
Өнеркәсіп, %	12,0	11,4	11,3	13,4
Ауыл шаруашылығы, %	3,2	3,3	4,0	5,2
Сауда, %	20,1	19,5	20,0	20,9

Ескерту: [6 дерек көзінен қараңыз]

Зерттеу көрсеткендей, екінші деңгейлі банктермен қарым-қатынастың қиындығы бар. Екінші деңгейлі банктердің және несиелік ұйымдардың ауыл шаруашылығын несиелендірілуіне жасалған талдау, ауыл шаруашылық кәсіпорындарын қаржыландырудың жоғары тәуекелді екендігін көрсетіп отыр. Мемлекеттің аграрлық секторды қаржылық-несиелік қамтамасыз ету процесін реттеуі, негізінен екінші деңгейлі банктер арқылы бюджет қаражатын несиелік түрінде қаржыландырумен байланысты.

Қазақстан Республикасы ІЖӨ-нің өсуі, отандық аграрлық секторды дамытуға қомақты инвестиция бағыттауға мүмкіндік пайда болғанын көрсетуде. 2011-2015 жж. аралығында ауыл шаруашылығы негізгі капиталына 720,2 млрд. теңге инвестиция салынған, бұл орташа есеппен жалпы инвестицияның 2,4 пайызын құрайды.

Бірақ, негізгі капиталға инвестицияның өсу қарқыны жеке меншік және мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен артуда, қарыз қаражат салымдарының маңыздылығы төмендеген.

Ауыл шаруашылық өндірушілерінің басым бөлігінің қаржылық тұрақсыздығы, табыстарының төмендігі және тәуекелдерінің басымдығы саланың инвестициялық белсенділігіне кері әсерін тигізуде. Аграрлық сектор пайдасының төмен өсімі негізінен ауыл шаруашылық өнімдеріне сұраныстың және саланың өзіндік ерекшелігімен байланысты болуында.

Мал шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігі 2013 жылы 2009 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз қалса, ал өсімдік шаруашылық өнімдерінің рентабельділігі 2013 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 2 есеге төмендеген. Тек, 2014 жылы ғана рентабельділік көрсеткіші өсімдік шаруашылығы бойынша 35 пайызға, мал шаруашылығы бойынша екі есеге артқан.

Жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, келесідей қорытындылар жасауға болады. Қаржылық-инвестициялық саясатты келесі бағыттар бойынша жүргізу керек:

▲ АӨК-дегі инвестициялық процесті реттеуге бағытталған заң қабылдау;

▲ бюджеттік қаржыландыруды арттыру; қайтарымды және қайтарымсыз қаржыландыру формасымен берілетін республикалық және жергілікті бюджет қаражаттарының тиімді, мақсатты жұмсалыуына мемлекеттік бақылауды күшейту;

▲ ауыл шаруашылық жобаларын инвестициялауды мемлекеттік қолдау кепілдігінің тәжірибесін кеңейту;

▲ отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы орта қалыптастыру;

▲ салықтық әкімшілендіру тетіктерінің тиімділігіне бақылауды күшейту, себебі фискальды салық жүйесі тікелей мемлекеттік шығыстардың көлеміне байланысты. Республика және өңірлерден экономикаға салықтық түсімдердің жоғарлығы, жалпы алғанда оларды қайта инвестициялауға немесе өз-өзіне қолданылуына мүмкіндігін арттырады;

▲ қаржыландыру жүйесі саланың нығаяуына әсер етеді және ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемін арттыруға, шығынды азайтуға ынталандырушы әсер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Зейнельгабдин А.Б. Налогово-бюджетные инструменты решения стратегических задач // Материалы межд. научн.-практич. конференции «Экономическая, налоговая финансово-бюджетная стратегия РК на современном этапе», посвященной 75-летию д.э.н., профессора академика МЭАЕ и Каз

НАЕН Нурумова А.А, КазУЭФМТ, 24 февраля 2016 г. – С. 18-19.

2 Искакова З.Д. Факторы стабильности финансового сектора Казахстана // Финансы Казахстана.-2011. - №3.-С.40-43.

3 Нурумов А.А. Совершенствование налогообложения в Казахстане // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2012.- №4.- С. 47-52.

4 Сейткасимов Г.С. Экономическая ситуация в Казахстане: сегодняшние реалии и пути выхода из кризиса // Материалы межд. научн.-практич. конференции, посвященной 75-летию академика НАН РК Сейткасимова Г.С., КазУЭФМТ, 12 ноября 2015 г. – С.3-8.

5 Каменова М.Ж., Ахметова А.А. и др. Развитие аграрного сектора экономики Казахстана в условиях расширения интеграционных процессов // Проблемы агрорынка.- 2014.-№4.- С.11-17.

6 ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері [Электрондық ресурс].-2017.- URL: www.stat.kz. (дата обращения: 28.05.2017)

Pajdalanylran әдебиеттер тізімі

1 Zejnel'gabdin A.B. Nalogovo-bjuzdhetnye instrumenty reshenija strategicheskix zadach // Materialy mezhd. nauchn.-praktich. konferencii «Jekonomicheskaja, nalogovaja finansovo-bjuzdhetnaja strategija RK na sovremennom jetape», posvjashhennoj 75-letiju d.je.n., professora akademika MJeAE i KazNAEN Nurumova A.A, KazUJeFMT, 24 fevralja 2016 g. – S. 18-19.

2 Iskakova Z.D. Faktory stabil'nosti finansovogo sektora Kazahstana // Finansy Kazahstana.-2011. - №3.-S.40-43.

3 Nurumov A.A. Sovershenstvovanie nalogooblozhenija v Kazahstane//Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezh-dunarodnoj trgovli. – 2012.- №4.- S. 47-52.

4 Sejtkašimov G.S. Jekonomicheskaja situacija v Kazahstane: segodnjashnie realii i puti vyhoda iz krizisa // Materialy mezhd. nauchn.-praktich. konferencii, posvjashhennoj 75-letiju akademika NAN RK Sejtkašimova G.S., KazUJeFMT, 12 nojabrja 2015 g. – S.3-8.

5 Kamenova M.Zh., Ahmetova A.A. i dr. Razvitie agrarnogo sektora jekonomiki Kazahstana v uslovijah rasshirenija integracionnyh processov // Problemy agrorynka.- 2014.-№4.- S.11-17.

6 ҚР ҰЖМ Statistika komitetiniң мәліметтері [Jelektrondық resurs].- 2017.- URL: www.stat.kz. (data obrashhenija: 28.05.2017).

